

## Ветеринариялық анықтама беру және ветеринариялық паспорт беру мемлекеттік қызмет регламенттерін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 26 маусымдағы N 189/6 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 19 шілдеде N 12-10-131 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 18 маусымдағы N 176/6 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 18.06.2013 N 176/6 қаулысымен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і :**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңының 9-1 бабының 4 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі N 745 "Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы" қаулысына сәйкес, мемлекеттік қызметті сапалы көрсету мақсатында, Май ауданының әкімдігі

**Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :**

**1. Қ о с а б е р і л г е н :**

- 1) "Ветеринариялық анықтама беру" мемлекеттік қызмет регламенті;
  - 2) "Жануарға ветеринариялық паспорт беру" мемлекеттік қызмет регламенті
- б е к і т і л с і н .**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары  
**М . Е . А х а м б а е в қ а жүктелсін .**

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Н. Пішенбаев*

М а й а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң  
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 6 м а у с ы м д а ғ ы  
N 1 8 9 / 6 қ а у л ы с ы м е н  
бекітілді

## **"Ветеринариялық анықтама беру" мемлекеттік қызмет РЕГЛАМЕНТІ**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Мемлекеттік қызметтің атауы: "Ветеринариялық анықтама беру".
2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: автоматтандырылмаған.
3. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 сәуірдегі "Асыл тұқымды мал шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі N 745 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" N 464 қаулысымен бекітілген "Ветеринариялық анықтама беру" мемлекеттік қызмет стандарты (бұдан әрі – Стандарт) негізінде көрсетіледі.
4. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі – ветеринариялық анықтаманы (қағаздағы тасымалдағышта) беру не жазбаша түрдегі мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

## **2. Мемлекеттік қызмет көрсету реттілігіне қойылатын талаптар**

5. Мемлекеттік қызмет Май ауданы ауыл және селолық округтері әкімдерінің аппараттарымен осы регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген мекен жайлар бойынша демалыс және мереке күндерін қоспағанда, жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін, ұсынылады.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

- 1) мемлекеттік қызмет жүгінген күннің ішінде көрсетіледі;
- 2) мемлекеттік қызметті алуға дейінгі ең жоғары рұқсат етілетін күту уақыты - 30 (отыз) минуттан аспайды;
- 3) мемлекеттік қызметті алушыға қызмет ұсынудың ең жоғары рұқсат етілетін уақыты - 30 (отыз) минуттан аспайды.

7. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін мыналар:

- 1) егер жануар, жануардан алынатын өнім және шикізат (бұдан әрі - объект) қолайсыз аймақтан тасымалданған жағдайда;
- 2) жұқпалы сипаттағы ауру анықталғанда;
- 3) жануардың жеке нөмірі болмағанда;
- 4) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің, көлік құралының ветеринариялық-санитариялық талаптарға және қауіпсіздік талаптарына сәйкессіздігі негіз болып табылады.

8. Тұтынушыдан мемлекеттік қызмет алу үшін өтініш түскен кезеңнен бастап және мемлекеттік қызмет нәтижесін беру кезеңіне дейін мемлекеттік қызметті көрсету кезеңдері:

селолық округ әкімі аппаратының ветеринариялық дәрігері қажетті құжаттарды қабылдауды жүзеге асырады, өтінішті тіркейді, ветеринариялық анықтаманы толтырады не мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауап дайындайды, дайын құжаттарға қол қояды және тұтынушыға жеке

өзі не оның өкілі келген кезде береді.

9. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдау селолық округ әкімі аппаратының ветеринариялық дәрігерімен жүзеге асырылады.

### **3. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі әрекет (өзара әрекеттілік) реттілігінің сипаттамасы**

10. Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттар тізбесін ұсынады.

11. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіне мынадай құрылымдық-функционалдық бірліктер (бұдан әрі – ҚФБ) қатысады: селолық округ әкімі аппаратының ветеринариялық дәрігері.

12. Осы регламенттің 2-қосымшасына сәйкес әрбір іс-әрекеттің орындалу мерзімін көрсете отырып, әрбір ҚФБ әкімшілік іс-әрекеттердің үдерістердің) өзара әрекеттестігі мен реттілігінің мәтіндік кестелік сипаттамасы келтірілген.

13. Осы регламенттің 3-қосымшасына сәйкес ҚФБ мен мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде әкімшілік әрекеттердің логикалық реттілігінің арасындағы өзара байланысты бейнелейтін сызба келтірілген.

### **4. Мемлекеттік қызмет көрсететін лауазымдық тұлғалардың жауапкершілігі**

14. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін бұзғандығы үшін лауазымдық тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарымен қарастырылған жауапкершілікке тартылады.

"Ветеринариялық анықтама беру" мемлекеттік қызмет регламентіне 1-қосымша

### **Май ауданының ауылдар және селолық округтер әкімдер аппараттарының мекен-жайларының тізбесі**

р/с N	Ауыл немесе селолық округі әкімі аппаратының толық атауы	Заңды мекен жайы	Байланыс телефоны
1	"Қаратерек селолық округі әкімінің аппараты" ММ	Май ауданы Каратерек ауылы, Баймуратов көшесі, 21 үй	8(71838)97266
2	"Май селолық әкімінің аппараты" ММ	Май ауылы, Абылайхан көшесі, 13 үй	8(71838)90210
3	"Қазан селолық округі әкімінің аппараты" ММ	Май ауданы Жумыскер ауылы, Бокин көшесі, 2 үй	8(71838)99230
4	"Саты селолық округі әкімінің аппараты" ММ	Май ауданы Саты ауылы, Исатай көшесі, 12 үй	8(71838)40401


5	"Малайсары селолық округі әкімінің аппараты" ММ	Май ауданы Малайсары ауылы, Абай көшесі, 30 үй	8(71838)95230
6	"Кентүбек селолық округі әкімінің аппараты" ММ	Май ауданы Кентүбек ауылы, Ленин көшесі, 17 үй	8(71838)91499
7	"Көктөбе селолық округі әкімінің аппараты" ММ	Май ауданы Көктөбе ауылы, Қазбек би көшесі, 24 үй	8(71838)91511
8	"Баскөл селолық округі әкімінің аппараты" ММ	Май ауданы, Баскөл ауылы, Балкенов көшесі, 18 үй	8(71838)94350
9	"Майтүбек ауылы әкімінің аппараты" ММ	Май ауданы Майтүбек ауылы, Целинная көшесі 27 үй	8(71838)90330
10	"Ақжар ауылы әкімінің аппараты" ММ	Май ауданы Ақжар ауылы, Құрманғазы көшесі 1 үй	8(71843)92210
11	"Ақшимаң селолық округі әкімінің аппараты" ММ	Май ауданы Ақшимаң ауылы, Желтоқсан көшесі 1 үй	8(71843)96223

**"Ветеринариялық анықтама беру"**  
**мемлекеттік қызмет регламентіне**  
**2-қосымша**

**Кесте. Құрылымдық-функционалдық бірліктердің іс-әрекеттер сипаттамасы**

Негізгі үдерістің әрекеті (барысы, жұмысы)			
1.	Әрекет N(барысы, жұмысы)	1	2
2.	ҚФБ атауы	Селолық округ әкімі аппаратының ветеринариялық дәрігері	Селолық округ әкімі аппаратының ветеринариялық дәрігері
3.	Әрекет атауы (үдерістің, процедураның, операцияның) және олардың сипаттамасы	Қажетті құжаттарды қабылдайды	Ветеринариялық анықтаманы толтырады не мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауап дайындайды, дайын құжаттарға қол қояды және тұтынушыға береді
4.	Аяқталу формасы (мәліметтер, құжат, ұйымдастырушылық - әкімдік шешімі)	Өтінішті журналда тіркейді	Ветеринариялық анықтама не мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауап
5.	Орындау мерзімі	30 минуттан аспайды Жүгінген күннің ішінде	30 минуттан аспайды
6.	Келесі әрекеттің нөмірі	2	

## "Ветеринариялық анықтама беру" мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінің схемасы



М а й а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң  
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 6 м а у с ы м д а ғ ы  
N 1 8 9 / 6 қ а у л ы с ы м е н  
бекітілді

## "Жануарға ветеринариялық паспорт беру" мемлекеттік қызмет РЕГЛАМЕНТІ

### 1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызметтің атауы: "Жануарға ветеринариялық паспорт беру".
2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: автоматтандырылмаған.
3. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 сәуірдегі "Асыл тұқымды мал шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі N 745 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" N 464 қаулысымен бекітілген "Жануарға ветеринариялық паспорт беру" мемлекеттік қызмет стандарты (бұдан әрі –

Стандарт) негізінде көрсетіледі.

4. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі – жануарға ветеринариялық паспорт (ветеринариялық паспорттың телнұсқасын, жануарға ветеринариялық паспорттың үзіндісін) (қағаздағы тасымалдағышта) беру не жазбаша түрдегі мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

## **2. Мемлекеттік қызмет көрсету реттілігіне қойылатын талаптар**

5. Мемлекеттік қызмет Май ауданы ауыл және селолық округтері әкімдерінің аппараттарымен осы регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген мекен жайлар бойынша демалыс және мереке күндерін қоспағанда, жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін, ұсынылады.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) жануарға ветеринариялық паспорттың беру (жануарға ветеринариялық паспортынан үзінді беру) мерзімі жануарға жеке нөмір берген сәттен бастап немесе оны беруден бас тартқанда - 3 (үш) жұмыс күн ішінде;

2) жануарға ветеринариялық паспорттың телнұсқасын беру, жануар иесі жануарға ветеринариялық паспорттың жоғалғаны туралы өтініш берген күнінен бастап - 10 (он) жұмыс күн ішінде;

3) мемлекеттік қызметті алушыға қызмет ұсынудың ең жоғары рұқсат етілетін уақыты - 30 (отыз) минуттан аспайды;

4) мемлекеттік қызметті алушыға ең жоғары рұқсат етілетін қызмет көрсету уақыты - 40 (қырық) минуттан аспайды.

7. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға, жануардың берілген бірдейлендіру нөмірі болмауы негіз болып табылады.

8. Тұтынушыдан мемлекеттік қызмет алу үшін өтініш түскен кезеңнен бастап және мемлекеттік қызмет нәтижесін беру кезеңіне дейін мемлекеттік қызметті көрсету кезеңдері:

1) тұтынушы жануарға ветеринариялық паспорт алу үшін жүгінгенде селолық округ әкімі аппаратының ветеринариялық дәрігері қажетті құжаттарды жинауды жүзеге асырады, өтінішті тіркейді, жануарға ветеринариялық паспортты толтырады, мөр қояды не мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауап дайындайды, дайын құжаттарға қол қояды және жануар иесінің жеке өзіне оның өкілі келген кезде береді;

2) жануарға ветеринариялық паспорттың телнұсқасын (жануарға ветеринариялық паспорттан үзінді) алу үшін жүгінген кезде: селолық округ әкімі аппаратының ветеринариялық дәрігері қажетті құжаттарды жинауды жүзеге асырады, өтінішті тіркеу журналына тіркеп, мемлекеттік қызметті тұтынушыға күні мен уақыты, мерзімі және орны

көрсетілген талон береді;  
селолық округ әкімі өтінішті қарайды, бұрыштама қояды;  
селолық округ әкімі аппаратының ветеринариялық дәрігері жануарға ветеринариялық паспорттың телнұсқасын (жануарға ветеринариялық паспорттан үзінді) толтырады, мөр қояды, қол қояды;  
жануарға ветеринариялық паспортты (жануарға ветеринариялық паспорттың телнұсқасы және жануарға ветеринариялық паспорттан үзіндіні) жануар иесінің жеке өзі не оның өкілі келген кезде береді.  
9. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдау селолық округ әкімі аппаратының ветеринариялық дәрігерімен жүзеге асырылады.

### **3. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі әрекет (өзара әрекеттілік) реттілігінің сипаттамасы**

10. Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттар тізбесін ұсынады.

11. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіне мынадай құрылымдық-функционалдық бірліктер (бұдан әрі – ҚФБ) қатысады:  
селолық округ әкімі аппаратының ветеринариялық дәрігері;  
селолық округ әкімі.

12. Осы регламенттің 2-қосымшасына (1, 2-кестелерге) сәйкес әрбір іс-әрекеттің орындалу мерзімін көрсете отырып, әрбір ҚФБ әкімшілік іс-әрекеттердің үдерістердің) өзара әрекеттестігі мен реттілігінің мәтіндік кестелік сипаттамасы келтірілген.

13. Осы регламенттің 3-қосымшасына сәйкес ҚФБ мен мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде әкімшілік әрекеттердің логикалық реттілігінің арасындағы өзара байланысты бейнелейтін сызбалар (1-сызба, 2-сызба) келтірілген.

### **4. Мемлекеттік қызмет көрсететін лауазымдық тұлғалардың жауапкершілігі**

14. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін бұзғандығы үшін лауазымдық тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарымен қарастырылған жауапкершілікке тартылады.

"Жануарға ветеринариялық паспорт беру"  
мемлекеттік қызмет регламентіне  
1-қосымша

## Май ауданының ауылдар және селолық округтер әкімдер аппараттарының мекен-жайларының тізбесі

р/с N	Ауыл немесе селолық округі әкімі аппаратының толық атауы	Заңды мекен жайы	Байланыс телефоны
1	"Қаратерек селолық округі әкімінің аппараты" ММ	Май ауданы Каратерек ауылы, Баймуратов көшесі, 21 үй	8(71838)97266
2	"Май селолық әкімінің аппараты" ММ	Май ауылы, Абылайхан көшесі, 13 үй	8(71838)90210
3	"Қазан селолық округі әкімінің аппараты" ММ	Май ауданы Жумыскер ауылы, Бокин көшесі, 2 үй	8(71838)99230
4	"Саты селолық округі әкімінің аппараты" ММ	Май ауданы Саты ауылы, Исатай көшесі, 12 үй	8(71838)40401
5	"Малайсары селолық округі әкімінің аппараты" ММ	Май ауданы Малайсары ауылы, Абай көшесі, 30 үй	8(71838)95230
6	"Кеңтүбек селолық округі әкімінің аппараты" ММ	Май ауданы Кеңтүбек ауылы, Ленин көшесі, 17 үй	8(71838)91499
7	"Көктөбе селолық округі әкімінің аппараты" ММ	Май ауданы Көктөбе ауылы, Қазбек би көшесі, 24 үй	8(71838)91511
8	"Баскөл селолық округі әкімінің аппараты" ММ	Май ауданы, Баскөл ауылы, Балкенов көшесі, 18 үй	8(71838)94350
9	"Майтүбек ауылы әкімінің аппараты" ММ	Май ауданы Майтүбек ауылы, Целинная көшесі 27 үй	8(71838)90330
10	"Ақжар ауылы әкімінің аппараты" ММ	Май ауданы Ақжар ауылы, Құрманғазы көшесі 1 үй	8(71843)92210
11	"Ақшимаң селолық округі әкімінің аппараты" ММ	Май ауданы Ақшимаң ауылы, Желтоқсан көшесі 1 үй	8(71843)96223

**"Жануарға ветеринариялық паспорт беру"**  
**мемлекеттік қызмет регламентіне**  
**2-қосымша**

**1-кесте. Тұтынушының жануарға ветеринариялық паспорт (жануарға ветеринариялық паспорттан үзінді) алу үшін жүгінген кездегі құрылымдық-функционалдық бірліктердің іс-әрекеттер сипаттамасы**

Негізгі үдерістің әрекеті (барысы, жұмысы)				
	1.	2	3	4
1.	Әрекет N(барысы, жұмысы)	1	2	3
2.	ҚФБ атауы	Селолық округ әкімі аппаратының	Селолық округ әкімі аппаратының	Селолық округ әкімі аппаратының



		ветеринариялық дәрігері	ветеринариялық дәрігері	ветеринариялық дәрігері
3.	Әрекет атауы (үдерістің, процедураның, операцияның) және олардың сипаттамасы	Қажетті құжаттарды қабылдайды, талон береді	Жануарға ветеринариялық паспортты (жануарға ветеринариялық паспорттан үзінді) толтырады, мөр қояды не мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауап дайындайды, дайын құжаттарға қол қояды	Жануарға ветеринариялық паспортты (жануарға ветеринариялық паспорттан үзінді) не мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауапты береді
4.	Аяқталу формасы (мәліметтер, құжат, ұйымдастырушылық-әкімдік шешімі)	Өтінішті журналда тіркейді	Жануарға ветеринариялық паспорт (жануарға ветеринариялық паспорттан үзінді) не мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауап	Жануарға ветеринариялық паспорт (жануарға ветеринариялық паспорттан үзінді) не мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауап
5.	Орындау мерзімі	30 минуттан аспайды	1 жұмыс күні	40 минуттан аспайды
6.	Келесі әрекеттің нөмірі	2	3	

**2-кесте. Тұтынушының жануарға ветеринариялық паспорттың телнұсқасын алу үшін жүгінген кездегі құрылымдық-функционалдық бірліктердің іс-әрекеттер сипаттамасы**

Негізгі үдерістің әрекеті (барысы, жұмысы)					
1.	Әрекет N (барысы, жұмысы)	1	2	3	4
2.	ҚФБ атауы	Селолық округ әкімі аппаратының ветеринариялық дәрігері	Селолық округ әкімі	Селолық округ әкімі аппаратының ветеринариялық дәрігері	Селолық округ әкімі аппаратының ветеринариялық дәрігері
3.	Әрекет атауы (үдерістің, процедураның,	Қажетті құжаттарды	Түскен құжаттарды қарайды,	Жануарға ветеринариялық паспорттың телнұсқасын толтырады не мемлекеттік қызметті	Жануарға ветеринариялық паспорттың телнұсқасын ) не мемлекеттік қызметті

	операцияның) және олардың сипаттамасы	қабылдайды, талон береді	бұрыштама қояды	ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауап дайындайды, мөр қояды, қол қояды	ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауапты береді
4.	Аяқталу формасы (мәліметтер, құжат, ұйымдастырушылық-әкімдік шешімі)	Өтінішті журналда тіркеу	Бұрыштама	Жануарға ветеринариялық паспорттың телнұсқасы не мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауап	Жануарға ветеринариялық паспорттың телнұсқасын не мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауап
5.	Орындау мерзімі	30 минуттан аспайды	1 жұмыс күні	7 жұмыс күні	40 минуттан аспайды
6.	Келесі әрекеттің нөмірі	2	3	4	

**"Жануарға ветеринариялық паспорт беру" мемлекеттік қызмет регламентіне 3-қосымша**

**Тұтынушының жануарға ветеринариялық паспорттың (жануарға ветеринариялық паспорттан үзінді) алу үшін жүгінген кезде "Жануарға ветеринариялық паспорт беру" мемлекеттік қызметті ұсыну үдерісінің 1-сызбасы**



**Тұтынушының жануарға ветеринариялық паспорттың телнұсқасын алу үшін жүгінген кезде "Жануарға ветеринариялық паспорт беру" мемлекеттік қызметті ұсыну үдерісінің 2-сызбасы**

